

**Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі
бағдарламасы аясында әлеуметтік
жобаларды іске асыру бойынша
Шымкент қаласының әкімдігі мен
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
арасында жасалған
Өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

№ 268

Шымкент қ. 2020 жылғы « 28 » 05

Шымкент қаласының әкімдігі атынан әкімнің орынбасары М.П. Исахов және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС атынан 2020 жылғы 14 мамырдағы №46 Сенімхат негізінде әрекет ететін серіктестіктің даму және коммерция жөніндегі вице-президентінің м.а. Г.М. Аширбаева мен өндіріс және стратегиялық жоспарлау жөніндегі вице-президенті Цзен Сюдун әлеуметтік жобаларды іске асыру туралы осы Меморандумды жасасты.

Тараптар осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

1-бап

Шымкент қаласының әлеуметтік жобаларын іске асыру үшін «Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ның 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге бөлуі осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

2-бап

Осы Меморандум аясында, заңмен белгіленген тәртіпте ынтымақтастықтың келесі формалары көзделеді:

- 1) Қаланың әлеуметтік жобаларын іске асыруға көмек көрсету;
- 2) Осы Меморандумның ережелерін іске асыру барысында жедел көмек көрсету;
- 3) Осы Меморандумның ережелерін іске асыруға ақпараттық қолдау көрсету;
- 4) Тараптар мен келісілген жобаларға байланысты шығындарды төлеу.

Шымкент қаласының әкімдігі белгіленген тәртіп бойынша «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-на қаланың әлеуметтік жобаларының тізімін жібереді.

3-бап

3.1. Тараптар осы Меморандум аясында әлеуметтік жобаларды іске асыруға міндеттенеді.

3.2. Тараптар әлеуметтік жобаларды іске асыру кезінде ақпараттық жұмыс жүргізуге,

МЕМОРАНДУМ

**о взаимном сотрудничестве
между акиматом города Шымкент и
ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс»
по реализации социальных проектов
в рамках программы социальной
ответственности бизнеса**

№ 268

г. Шымкент « 28 » 05 2020 года

Акимат города Шымкент, в лице заместителя акима Исахова М.П. и ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс», в лице и.о. Вице-президента по развитию и коммерции Аширбаевой Г.М. и Вице-президента по производству и стратегическому планированию Цзен Сюдун действующих на основании Доверенности №46 от 14.05.2020 г. заключили настоящий Меморандум о реализации социальных проектов.

Стороны настоящим Меморандумом соглашаются о нижеследующем:

Статья 1

Целью настоящего Меморандума является выделение денежных средств ТОО «Петро Қазақстан Ойл Продактс» на реализацию социальных проектов города Шымкент в сумме 100 000 000 (сто миллионов) тенге.

Статья 2

В рамках настоящего Меморандума, в установленном законом порядке, предусматриваются следующие формы сотрудничества:

- 1) Оказание содействия в реализации социальных проектов города;
- 2) Оперативная помощь при реализации положений настоящего Меморандума;
- 3) Информационная поддержка реализации положений настоящего Меморандума;
- 4) Оплата расходов, связанных с проектами, согласованными сторонами.

Акимат города Шымкент, в установленном порядке, направляет в ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» перечень социальных проектов города.

Статья 3

3.1. Стороны обязуются реализовать социальные проекты в рамках настоящего Меморандума.

3.2. Стороны обязуются проводить информационную работу при

оның ішінде өзара қызығушылық танытатын мәселелер бойынша ақпарат алмасуға міндеттенеді.

3.3. Өзара келісім бойынша Тараптар ынтымақтастықтың және ақпарат алмасудың формалары мен әдістерін талқылау үшін жұмыс кездесулерін өткізеді.

4-бап

Шымкент қаласының әкімдігі осы қол қойылған Меморандум аясында «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ның қатысуымен іске асырылған әлеуметтік жобалардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына ықпал жасайды.

Осы Меморандум аясында әлеуметтік жобаларды іске асыруы «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ның Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауына қатысуы кезінде ескерілуі мүмкін.

5-бап

Шымкент қаласының әкімдігі заңмен белгіленген тәртіпте «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ның бастамаларына әлеуметтік бағыттағы бизнес-құрылым ретінде қолдау көрсетеді және Шымкент қаласының аумағында әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталған жұмыстарды үйлестіреді.

6-бап

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС осы Меморандум аясында екі Тараппен келісілген және осы Меморандумға қоса берілген тізім бойынша әлеуметтік жобаларға ақшалай қаржы бөледі.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС қаланың әлеуметтік жобаларына бөлген қаржысының мақсатты (мақсатсыз) пайдаланылуына жауапты болмайды.

7-бап

Тараптар осы Меморандумның ережелерін тиісті дәрежеде орындауға қатысты кез-келген мәселелер жөнінде Тараптардың сұрауы бойынша кеңес өткізеді.

Осы Меморандумның ережелерін түсіну немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңесу және келіссөз жүргізу арқылы шешеді.

реализации социальных проектов, включая обмен информацией по вопросам, представляющим взаимный интерес.

3.3. По взаимной договоренности Стороны проводят рабочие встречи для обсуждения форм и методов сотрудничества и обмена информацией.

Статья 4

Акимат города Шымкент способствует освещению в средствах массовой информации социальные проекты, реализованных с участием ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» в рамках подписанного Меморандума.

Реализация социальных проектов в рамках данного Меморандума может учитываться при участии ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» в конкурсе по социальной ответственности бизнеса «Парыз», учрежденный указом Президента Республики Казахстан.

Статья 5

Акимат города Шымкент в установленном законом порядке будет поддерживать социальные инициативы ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс», как социально ориентированной бизнес – структуры, координирует работы, направленные на реализацию социальных проектов на территории города Шымкент.

Статья 6

ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс», в рамках настоящего Меморандума, выделяет денежные средства на социальные проекты по перечню, согласованному обеими сторонами и приложенному к данному Меморандуму.

ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» не несет ответственности по целевому (нецелевому) использованию средств, направленных на социальные проекты города.

Статья 7

Стороны проводят консультации по запросу сторон по любым вопросам, касающимся надлежащего выполнения положений настоящего Меморандума.

В случае возникновения споров и разногласий притолкований или применении положений настоящего Меморандума стороны решают их путем консультации и переговоров.

8-бап

Осы Меморандум шарттық міндеттеме болып табылмайды, ол Тараптардың ниетінғана білдіреді.

Тараптар қатысушы болып табылатын басқа шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне осы Меморандумның қатысы жоқ.

Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы заңмен белгіленген тәртіпте және өздерінің өкілеттіктері шегінде өздерінің жауапкершіліктерін мойындайды және туындаған мәселелерді өзара келісім және жасалған уағдаластық принциптері негізінде бірлесіп шешуге міндеттенеді.

9-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

10-бап

Осы Меморандум әлеуметтік жобаны аяқтағанға дейін әрекет етеді.

Осы Меморандум 2020 жылғы «28» 05 Шымкент қаласында мемлекеттік қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды. Осы Меморандумның ережелерін түсіну кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтініне жүгінетін болады.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
Вице-президентінің м.а.

Г.М. Аширбаева

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
Вице-президенті/

Цзен Сюйдун

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары /
Заместитель акима города Шымкент

М.П.Исахов

Статья 8

Настоящий Меморандум не является договорным обязательством и выражает только намерения сторон.

Настоящий Меморандум не затрагивает прав и обязанностей сторон, вытекающих из других договоров, участниками которых является Стороны.

Каждая из сторон, подписавших настоящий Меморандум, в установленном законом порядке признает свою ответственность в пределах своих полномочий, и обязуется сотрудничать в разрешении возникших вопросов на принципах взаимного согласия и состоявшихся договоренностей.

Статья 9

В настоящий Меморандум по взаимному согласию Сторон могут вноситься изменения и дополнения, которые являются неотъемлемой частью настоящего Меморандума.

Статья 10

Настоящий Меморандум действует до завершения реализации социального проекта.

Настоящий Меморандум совершен в городе Шымкент «28» 05 2020 года в двух экземплярах на государственном казахском и русском языках.

В случае возникновения разногласий в толковании положений настоящего Меморандума Стороны будут обращаться к тексту на русском языке.

и.о. Вице-президента ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс»

Аширбаева Г.М.

Вице-президент ТОО «ПетроҚазақстан Ойл Продактс»

Цзен Сюйдун

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары /
Заместитель акима города Шымкент

Исахов М.П.